

Темір ауданының жұмыссыздары үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 3 ақпандағы № 33 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 ақпанда № 3-10-162 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 96 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімдігінің 14.04.2016 № 96 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 және 20 баптарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қаулысын орындау үшін аудан әкімдігі**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және жағдайлары 1 және 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстардың қаржыландырылуы жергілікті бюджет қаражатынан жүргізілсін. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға төленетін еңбекақының мөлшері айлық жалақының ең төменгі мөлшерінде бекітілсін.

3. "Темір аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) жұмыс берушілермен нақты еңбек жағдайларын көрсете отырып, қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шарт жасасын;

2) жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Қалауовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі

№	Ұйымдар
1	2
1	"Темір ауданы әкімі аппараты" ММ
2	"Темір ауданының Әділет басқармасы" ММ (келісім бойынша)
3	"Темір қалалық округі әкімі аппараты" ММ
4	"Шұбарқұдық кенттік округі әкімі аппараты" ММ
5	"Шұбарши кенттік округі әкімі аппараты" ММ
6	"Саркөл селолық округі әкімі аппараты" ММ
7	"Кенкияқ селолық округі әкімі аппараты" ММ
8	"Кеңестуы селолық округі әкімі аппараты" ММ
9	"Алтықарасу селолық округі әкімі аппараты" ММ
10	"Кайыңды селолық округі әкімі аппараты" ММ
11	"Таскопа селолық округі әкімі аппараты" ММ
12	"Ақсай селолық округі әкімі аппараты" ММ
13	"Бородин селолық округі әкімі аппараты" ММ
14	"Темір аудандық соты" ММ (келісім бойынша)
15	"Темір ауданы бойынша жер қатынастары бөлімі" ММ
16	"Темір аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" ММ (келісім бойынша)
17	"Темір аудандық экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік бөлімі" ММ
18	"Темір аудандық сәулет, қала құралысы және құрылыс бөлімі" ММ

Қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және жағдайлары

№	Қоғамдық жұмыстардың түрлері және көлемі	Қоғамдық жұмысқа қатысатын жұмыссыздардың саны						Қоғамдық жұмыстардың жағдайлары	
		Сұраныс	Ұсыныс	1-тоқ сан	2-тоқ сан	3-тоқ сан	4-тоқ сан	Жұмыс жасау мерзімі (айлар)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1."Құрылыс бригадасы" жобасы									
	Құрылыс аяқталмаған, жартылай								

қираған ғимараттардың мәселесін шешуге, аурухана, мектеп, балабақшалар және басқа да бюджеттік сала нысандарын жөндеуге, инженерлік жүйелерін жүргізуге (су, газ, кәріз құбырларын) көмек көрсету	30	30	-	15	15	-	2	Аудан дық бюджет
2."Жолдарды жөндеу" жобасы								
Облыстық жол құрылысы ұйымдарына жаңа жолдарды төсеуге және қолданыстағы жолдарды жөндеуге, ұзақ жолға жүретін қоғамдық көліктің тұрағын көркейтуге көмек көрсету	30	30	-	15	15	-	2	Аудан дық бюджет
3."Елді мекендерді көркейту" жобасы								
Елді мекендерді көркейту мен көгалдандыру да (көп жылдық көшеттер, ағаштар отырғызу және оларды күту, гүлзарларды отырғызу, балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын ұйымдастыру, мұз қалашығын	60	60	-	30	30	-	2	Аудан дық

тұрғызу) көмек көрсету								б ю д жет
4. "Ауылшаруашылық жұмыстары" жобасы								
Әлеуметтік саладағы нысандарға картоп, көкөністер және басқа да бау-бақша өнімдерін егуге, өсіру ге және жинау ға, жаз мезгілінде шөп шабуға, малдарды қолдан ұрық тандыру пункт терінің жұмыс тарына көмек көрсету	25	25	5	7	8	5	4	Аудан дық б ю д жет
5. "Санақ" жобасы								
Республикалық және өңірлік қоғамдық кампаниялар дың науқанда рын (қоғамдық пікірлерді сұрау, санақ қа қатысу) өткізуге көмектесу	25	25	5	7	8	5	4	Аудан дық бюджет
6. "Ескерткіш" жобасы								
Тарихи-архите ктуралық ескерткіштер ді қалпына келтіру, зираттарды таза ұстап, көркейту және қорғау	5	5	-	3	2	-	6	Аудан дық бюдже т
7. "Аудан бойынша шаралар өткізуге септесу" жобасы								
М ә д е н и мақсаттағы ауқымды іс- шараларды (спорттық жарыстар және фестивальдар) ұйымдастыруға көмек көрсету	4	4	-	4	-	-	5	Аудан дық б ю д жет

8. "Жер және мүлік салықтарын жинау" жобасы								
Жергілікті бюджетке жер және мүлік салықтарын жинауға көмек көрсету	4	4	-	4	-	-	6	Аудан дық бюджет
9. "Сарбаздар" жобасы								
Құқық қорғау органдарына қоғамдық тәртіпті сақтауға көмек көрсету	20	20	5	5	5	5	5	Аудан дық бюджет
10. "Аудан экологиясын жақсарту" жобасы								
Өңірдің экологиясын жақсарту жұмыстарын ұйымдастыруға (тұрмыс қалдықтарын көму, сұрапыл үйінділерін жою және ормандарды тазалау) көмек көрсету	47	47	5	15	20	7	4	Аудан дық бюджет
Барлығы	250	250	20	105	103	22	-	